

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
02.03.2022 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Е. ҚОШАНОВ жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 02.03.2022 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Е. КОШАНОВ.**

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, келесі мәселе – «Толық емес жұмыс уақыты жағдайларындағы жұмыс туралы конвенцияны ратификациялау туралы (175-конвенция)» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Шәпкенов Серік Жамбылұлына беріледі.

ШӘПКЕНОВ С.Ж. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға «Толық емес жұмыс уақыты жағдайларындағы жұмыс туралы конвенцияны ратификациялау туралы» Заң жобасы ұсынылады.

«Толық емес жұмыс уақыты жағдайларындағы жұмыс туралы конвенцияны ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Халықаралық шарттар жөніндегі ведомствоаралық комиссияның 2019 жылғы 18 қазандағы 40-шы отырысында қолдау тапты. Аталған конвенция 1994 жылғы 24 маусымда Халықаралық еңбек ұйымының бас конференциясында қабылданды.

4-бапқа сәйкес конвенция толық емес жұмыс уақытында жұмыс істейтін қызметкерлердің құқықтары мен мүдделерін, атап айтқанда:

ұжымдық келіссөздер жүргізу;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау;

ананы қорғау, жыл сайынғы ақылы демалыс беру;

еңбек және қызмет аясында кемсітушілікке жол бермеу мәселелерін толық жұмыс уақытында жұмыс істейтін қызметкерлердің құқықтары сияқты қорғауды көздейді.

Осы конвенция жекелеген қызметкерлер мен кәсіпорындардың санаттарын қоспағанда, экономикалық қызметтің барлық салаларына қолданылады.

Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша 2021 жылғы төртінші тоқсанның қорытындысы бойынша әртүрлі салаларда 470 мыңға жуық жұмыскер толық емес жұмыс уақыты режимінде жұмыс істеген. Олардың жартысына жуығы аптасына 20 сағаттан аз жұмыс істеген.

Олардың көпшілігі ауыл шаруашылығы, білім беру және өнеркәсіп салаларында еңбек еткен.

Конвенцияға сәйкес «толық емес жұмыс уақытында жұмыс істейтін» термині толық жұмыс уақытында жұмыс істейтін және салыстырмалы жағдайда болатын қызметкердің жұмыс уақытының қалыпты ұзақтығынан аз жұмыс істейтін қызметкерді білдіреді.

Конвенцияда экономикалық немесе техникалық себептер бойынша жұмыс ұзақтығы нормаларының уақытша қысқаруына байланысты ішінара жұмыссыздық жағдайында қалған толық жұмыс уақытында жұмыс істейтін жұмыскер толық емес жұмыс уақытындағы жұмыскер бола алмайды деп көзделген.

Конвенцияның 5-бабына сәйкес толық емес жұмыс уақытында жұмыспен қамтылған қызметкерлердің негізгі жалақысы сол әдістермен есептелетін толық жұмыс уақытында жұмыспен қамтылған және салыстырмалы жағдайдағы жұмыскерлердің негізгі жалақысынан кем болмауға тиіс деп көзделген.

Өз кезегінде конвенцияда көзделгендей ұлттық еңбек заңнамамызда жұмыскерлерге еңбекақы төлеу саласында мемлекеттік кепілдіктер қарастырылған.

Бұдан әрі конвенцияның 6 және 7-баптарына сәйкес толық емес жұмыс уақытында жұмыс істейтін жұмыскерлер үшін әлеуметтік қамсыздандыру жүйелері толық жұмыс уақытында жұмыс істейтін жұмыскерлерге ұқсас болуы тиіс.

Бұл шарттар жұмыс уақытының ұзақтығына, жарналарға немесе кірістерге пропорционалды түрде анықталуы мүмкін.

Ұлттық еңбек және әлеуметтік заңнама толық уақыт жұмыс істейтін жұмыскерлермен салыстырғанда толық емес жұмыс уақытында жұмыс істейтін жұмысшылардың құқықтарын шектемейтінін атап өткен жөн.

Атап айтқанда, міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінен әлеуметтік төлем жұмыскердің сақтандырылған орташа айлық табысына және оның жүйеге қатысу өтіліне тікелей байланысты болады, яғни жұмыспен қамтылу формасына немесе түріне байланысты емес.

Конвенцияны ратификациялау мемлекеттік бюджеттен қаржы шығындарына, теріс құқықтық және әлеуметтік-экономикалық салдарларға алып келмейді.

Конвенцияны қабылдау толық емес жұмыс уақытында жұмыс істейтін жұмыскерлерді кемсіту бойынша еңбек дауларына әкелмейді.

Сондай-ақ конвенцияны қабылдау жұмыс істейтін азаматтардың еңбек құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді және Қазақстанның осы саладағы халықаралық нормаларды сақтау мен орындауға бейімділігін растайды.

Назарларыңызға рақмет. Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Құрметті әріптестер, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Сартбаев Бауыржан Мейрамбекұлына беріледі.

САРТБАЕВ Б.М. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Серік Жамбылұлы! Қазақстанда толық емес жұмыс уақыты жағдайларында жұмыс істеу еңбекшілердің құқықтық кепілдері Еңбек кодексінде бекітілген.

Біздің ойымызша, конвенцияны ратификациялау еңбекшілердің еңбек қызметін реттеу саласындағы қазақстандық заңнаманы дамытуды талап етеді.

Сол себепті осы конвенцияны ратификациялауға байланысты еңбек заңнамасын одан әрі жетілдіру бойынша министрліктің қандай жоспары бар екенін түсіндіріп беріңізші.

ШӘПКЕНОВ С.Ж. Сұрағыңызға рақмет.

Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті депутаттар! Жаңа баяндамада атап өткендей, қазіргі таңда Қазақстанның еңбек заңнамасы конвенциямен толық сәйкес келеді. Бұл жерде барлық құқықтар мен кепілдіктер толығымен қарастырылған. Әрине, біз осымен қатар еңбек заңнамасы құқықтық нормалармен іске асырылуына байланысты талдау жүргіземіз. Сонымен қатар талдаудың арқасында кәсіподақтармен және жұмыс берушілермен бірлесе отырып жұмысшылардың құқығын одан әрі кепілдендіру, құқығын жақсарту жөнінде жұмыстарды жалғастыратын боламыз.

Осы жерде сондай қажеттілік туындайтын болса, біз болашақта сәйкесінше қазақстандық заңнамаларға өзгерістер енгізетін боламыз.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Келесі сөз депутат Әбсеметова Әлия Маратқызына беріледі.

ӘБСЕМЕТОВА Ә.М. Спасибо, уважаемый Ерлан Жаканович.

Уважаемый Серик Жамбулович! Статья 3 конвенции позволяет государству-члену частично или полностью исключить отдельные категории трудящихся или предприятия из сферы применения конвенции, если ее применение вызывает особые проблемы.

В этой связи у меня следующие вопросы:

1. Какие категории трудящихся и предприятий подпадают под действие данной нормы?

2. Не повлечет ли принятие конвенции ущемления прав таких категорий работников? Спасибо.

ШӘПКЕНОВ С.Ж. Спасибо за вопросы.

Уважаемый Ерлан Жаканович! Уважаемые депутаты! Я только что привел моменты, что наше национальное законодательство полностью соответствует конвенции. Да, в конвенции предусмотрены отдельные категории граждан, в нашем Трудовом кодексе это все тоже расписано. Согласно статье 8 есть определенные категории работников, которые регулируются специальными законами, в частности, сотрудники правоохранительных органов, у которых априори не должно быть неполного режима работы. Соответственно, если это регулируется специальным законом, то их права не ущемляются и это предусмотрено конвенцией.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Келесі сөз депутат Омарбекова Жанат Әнуарбекқызына беріледі.

ОМАРБЕКОВА Ж.Ә. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Серік Жамбылұлы! Конвенцияның 8-бабына сәйкес әрбір мүше мемлекетке толық емес жұмыс уақыты жағдайларында жұмыс істейтін еңбекшілеріне еңбек жарақатын, кәсіптік ауруды және ананы қорғауды қоспағанда, әлеуметтік қамсыздандыру шараларын қолданбауына жол беріледі.

Осыған байланысты бұл норма толық емес жұмыс уақыты жағдайларында жұмыс істейтін қазақстандық жұмыскерлердің, мысалы, еңбекке жарамсыздық парақтарын немесе еңбек заңнамасында көзделген өзге де әлеуметтік кепілдіктер мен жеңілдіктерді төлеу сияқты құқықтарына нұқсан келтірмей ме? Осы сұраққа жауап берсеңіз.

ШӘПКЕНОВ С.Ж. Сұрағыңызға рақмет, құрметті Жанат Әнуарбекқызы.

Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті депутаттар! Біріншіден, бұл жерде ешқандай нұқсан келтірмейді. Екіншіден, толық емес жұмыс уақыты жұмыс беруші мен жұмысшының өзара келісімі арқылы орнатылады. Бұл мәселе біздің еңбек заңнамаларымызда толық кепілдендірілген. Толық емес жұмыс уақытында жұмыс жасайтын жұмысшыға да, толық жұмыс уақытында жұмыс жасайтын жұмысшыға да, мысалы, еңбек және жұмысқа жарамсыздығы бойынша толық кепілдіктер бар.

Сонымен қатар біркелкі категорияға жүкті әйелдер мен үш жасқа дейінгі баласы бар отбасылардың біреуіне олардың өздерінің ұсынысы бойынша толық емес жұмыс режиміне ауысуға мүмкіндік берілген. Осындай кепілдендірілген кепілдіктер екеуіне де бірдей бағытталатын болады.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Ожаев Нұрлыбек Жұмахметұлына беріледі.

ОЖАЕВ Н.Ж. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Серік Жамбылұлы! Конвенцияға сәйкес жұмыс уақытының қалыпты ұзақтығынан аз жұмыс уақыты толық емес жұмыс уақыты болып саналады. Еңбек кодексінің 68 және 71-баптарында қалыпты жұмыс уақыты ұзақтығының жоғарғы шегі белгіленген. Бұл аптасына 40 сағат және күн сайын 8 сағат. Ал жұмыс уақыты ұзақтығының төменгі шегін белгілеу мәселелері заңнамалық тұрғыдан реттелмеген. Бұл, біздің ойымызша, қызметкер мен жұмыс беруші арасында еңбек дауларын тудыруы мүмкін. Мәселен, жұмыскер күніне жарты сағат қана жұмыс істеуге ниет білдіруі мүмкін.

Осыған байланысты бұл мәселені заңнамалық деңгейде реттеу орынды деп санаймыз. Осы бағытта министрліктің ұстанымы қандай? Рақмет.

ШӘПКЕНОВ С.Ж. Сұрағыңызға рақмет, құрметті Нұрлыбек Жұмахметұлы.

Біздің қолданыстағы еңбек заңнамасында, жаңа өзіңіз атап өткендей, жоғары шек бекітілген. Бұл не үшін бекітіледі? Себебі жұмыс беруші жұмыскерге жоғары салмақ салмау үшін жоғары шек бекітілген, яғни күніне 8 сағат, аптасына 40 сағат.

Төменгі шекке келетін болсақ, бұл жерде конвенцияда да, еңбек заңнамамызда да толық емес жұмыс уақытына көшу жұмыс беруші мен жұмыскердің арасындағы өзара келісімге байланысты болады. Бұл жерде еңбек дауы туындамауы тиіс, себебі екіжақты келісімге сәйкес келісіледі. Егер біз төменгі шекті орнататын болсақ, керісінше, біз жұмыскер жағдайының нашарлауына алып келуіміз мүмкін. Мысалы, конвенцияда да, еңбек заңнамасында да негізгі кепілді құқықтар толық жұмыс істейтін жұмыскерге де, толық емес жұмыс істейтін жұмыскерге де бірдей қарастырылады, мысалы, еңбек демалысына шықса, 24 күн еңбек демалысы толығымен бекітілген. Бірақ егер толық емес жұмыс істейтін болса, дәл солай екеуіне де бірдей әдіспен жалақысы да, еңбек демалысы да есептеледі, бірақ олардың жұмысқа қатысқан сағатына немесе күніне байланысты ғана саналады. Егер біз, мысалы, жарты сағаттық немесе бір сағаттық деген сияқты төменгі шектеу қоятын болсақ, онда біз ол жұмысшылардың жағдайының нашарлауына алып келеміз. Мысалы, медицина қызметкерлері кейбір мекемелерде бір сағат немесе жарты сағат жұмыс істейді, себебі көлік жүргізушілері жұмысқа шығардың алдында оларды карап-тексереді, қалған уақытта бос. Сондай-ақ бұндай жағдайлар киім қабылдайтын орындарда да болуы мүмкін, мысалы, ол бір-екі сағатқа ғана жұмысқа шығуы мүмкін. Егер оның төменгі деңгейін қоятын болсақ, онда біз олардың, керісінше, жағдайының нашарлауына алып келеміз. Сондықтан бұл мәселе Еңбек кодексінде жұмыс беруші мен жұмысшының өзара келісімі арқылы реттеледі.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Торғаев Бекқали Нұрғалиұлына беріледі.

ТОРҒАЕВ Б.Н. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Серік Жамбылұлы! Аталған заң жобасына Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институтының берген қорытындысына сәйкес конвенция ережесінде әрбір мүше мемлекет мүдделі кәсіпкерлер мен еңбекшілердің өкілді ұйымдарымен, яғни кәсіподақтармен осы конвенцияның нормаларын іске асыру мәселелер бойынша консультациялар өткізуді көздейді делінген. Иә, бұл мемлекет пен қоғам қабылдаған іс-әрекеттердің ашықтығын қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ елде жалақыны көтеруді және еңбек жағдайларын жақсартуды талап ететін жұмыскерлердің ереуілдері жиіленіп кетті. Әрине, бұл жақсылықтың белгісі емес.

Осы тұста айта кетейін, жақында өңірлерде болған кездесу барысында өзекті сұрақтардың бірі азық-түлік бағасы өсіп, жалақының өспегендігі туралы көп шағымдар түсті.

Мемлекет басшысы отандық бизнес өкілдерімен кездесуде халықтың жартысының айлық табысы 50 мың теңгеден аспайтынын атап, жағдайды дереу өзгерту керек деді.

Сонымен қатар өз құқықтарын қорғаған кейбір жұмысшылармен қайта мәмілеге келудің орнына, кейбір жұмыс беруші тарап әртүрлі қысымдар

көрсетіп, жұмыстан шығуына әрекеттер жасайды. Соның салдарынан ереуілдер де болады. Осыған байланысты менің екі сұрағым бар.

Бірінші сұрақ. Конвенция ережесіне сай қандай консультациялар өткізіледі?

Екінші сұрақ. Жалақыны өсіру бойынша қандай кешенді жұмыстар атқарып жатырсыздар? Рақмет.

ШӘПКЕНОВ С.Ж. Сұрақтарыңызға рақмет.

Өте орынды айттыңыз, қазіргі таңда көптеген еңбек ұжымдарында инфляцияға байланысты, жалақының көтерілмеуіне байланысты мәселелер туындап жатыр. Бұл жерде бірінші кезектегі Еңбек кодексімен реттелген мәселе, тағы да қайталап айтамын, жұмыс беруші мен жұмыскердің арасындағы қарым-қатынасты, жұмыскер жалақысын өсіру қажеттілігі кәсіподақ ұйымдарымен жүргізіледі.

Конвенция бойынша, Еңбек кодексі бойынша Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі тарапынан арнайы консультациялық жұмыс тобы құрылған. Үкіметте Премьер-Министрдің орынбасары Ералы Лұқпанұлы Тоғжанов жетекшілік ететін үшжақты келісім комиссиясы бар. Осы мәселелердің барлығын біз аталған комиссияларда талқылап отырамыз. Сондай-ақ жұмыс беруші, кәсіподақ және әкімдік арасында үшжақты келісім бар. Комиссиялар отырыстарында осы мәселелер талқыланып, қаралып отырады.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Рамазановаға беріледі.

РАМАЗАНОВА Л.К. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Серік Жамбылұлы! Жаңа Сіз өз баяндамаңызда осы конвенцияның қабылдануы біздің бір емес бірнеше ішкі нормативтік құқықтық актілерімізді сәйкестендіреді деп айттыңыз. Гибкий график. Я прошу прощения, вообще есть понятие «гибкий график», утвержденное Концепцией семейной и гендерной политики, в рамках которого предполагается предусмотреть особые условия для родителей, воспитывающих детей до трех лет.

Каким нормативным правовым актом в рамках принятия данных норм конвенции вы планируете реализовать эту норму?

ШӘПКЕНОВ С.Ж. Ләззат Керімқұлқызы, кешірім сұраймын, Сіз сұрағыңызды тағы қайталап жіберсеңіз.

ТӨРАҒА. Сұрағыңыз түсініксіздеу болды. Сұрағыңызды нақтылаңыз.

РАМАЗАНОВА Л.К. Жақсы, нақтылайын.

Елімізде үш жасқа толмаған балаларға ерекше мүмкіндік беру керек. Отбасы және гендерлік теңдік тұжырымдамасына байланысты нормалардың барлығын ішкі нормативтік құқықтық актілерде белгілеу керек. Осы конвенцияның аясында қандай өзгерістер енгізуді көздеп отырсыздар?

ШӘПКЕНОВ С.Ж. Сұрағыңызға рақмет, құрметті Ләззат Керімқұлқызы.

Бұл жерде, Ләззат Керімқұлқызы, біз бір мәселені түсінуіміз керек. Толық емес жұмыс уақыты режимі ол бір бөлек, ал Сіздің айтып отырғаныңыз

қысқартылған жұмыс уақыты. Еңбек кодексінде мемлекет өз тарапынан жұмыскерлерге кейбір кепілдіктер берді, мысалы, жаңа Сіз айтқан үш жасқа дейінгі бала тәрбиелеп отырған ата-анаға қысқартылған жұмыс уақытында жұмыс істеуге мүмкіндік бар.

Қысқартылған жұмыс уақытын айтатын болсақ, мысалы, 18 жасқа толмаған жасөспірімдердің жұмыс істеу құқығы бар, олардың жұмыс уақыты қысқартылады, мүгедектігі бар азаматтар бар, олардың жұмыс уақыты қысқартылады. Бұл мемлекетпен кепілдендірілген. Сонымен қатар жұмыстары ауыр азаматтар 36 сағаттан артық жұмыс істеуге болмайды. Бұлар мемлекетпен кепілдендірілген қысқартылған жұмыс уақыты, бұл бөлек мәселе. Ал толық емес жұмыс уақыты жұмыс беруші мен жұмыскердің арасындағы келісім бойынша белгіленеді. Бұған біз міндетті түрде екі мәселені енгіздік. Егер толық емес жұмыс уақытында жұмыс беруші мен жұмысшы өзара келісу керек болса, ана немесе жүкті әйел, сондай-ақ үш жасқа дейін баласы бар отбасы мүшесінің біреуі арыз берсе, оны жұмыс беруші міндетті түрде қабылдауы керек. Біз осындай нормаларды қарастырдық.

ТӨРАҒА. Қанағаттанасыз ба, әлде тағы сұрағыңыз бар ма?

РАМАЗАНОВА Л.К. Сұрақ жоқ.

ТӨРАҒА. Жақсы.

Сөз депутат Ертаев Сырым Махамбетұлына беріледі.

ЕРТАЕВ С.М. Рақмет, құрметті Төраға.

Құрметті Серік Жамбылұлы! Конвенцияның 9-бабының 3-тармағында кәсіпкерлердің де, еңбекшілердің де мүдделеріне сай келетін толық емес жұмыс уақыты жағдайларында өндірістік және еркін таңдап алынған жұмысқа қол жеткізуді жеңілдететін шараларды жүргізу үшін кәсіпкерлер мен еңбекшілердің экономикалық және әлеуметтік мақсатында қаншалықты сай келетіні туралы зерттеулер жүргізуді және ақпарат таратуды қамтитыны көрсетілген.

Сондықтан осы зерттеулерді жүргізуге және зерттеу нәтижелері бойынша ақпаратты тарату қай тараптан қаржыландырылады?

ШӘПКЕНОВ С.Ж. Сұрағыңызға рақмет.

Бұл зерттеулерді біз, әрине, кәсіподақ ұйымдарымен бірге жүргіземіз. Жұмысшылардың құқығы бірінші орында болады. Сонымен қатар біздің министрлікте ғылыми зерттеу жұмыстарына қатысты арнайы бағдарлама бар. Сол арқылы біз зерттеулер жүргіземіз. Ертеңгі күні осы заң құқықтық практикада қолданылғанда осыған талдау жүргіземіз. Соның нәтижелерінде біз осы үш бағытта жұмысымызды байланыстырып отырамыз.

ТӨРАҒА. Жақсы, рақмет.

Баяндамашыға тағы сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Рақмет, Серік Жамбылұлы. Орныңызға отырыңыз. Сұрақтар аяқталды.

Енді қосымша баяндама жасау үшін сөз Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі депутат Жулин Юрий Викторовичке беріледі.

ЖУЛИН Ю.В. Спасибо, уважаемый Ерлан Жаканович.

Уважаемые коллеги! Проект Закона «О ратификации Конвенции о работе на условиях неполного рабочего времени (Конвенция 175)» внесен Правительством на рассмотрение Мажилиса 30 декабря 2021 года.

Конвенция обязывает стран-участниц обеспечить трудящихся, занятых неполное рабочее время, такой же правовой защитой, как и занятых полное рабочее время.

Устанавливается недопустимость дискриминации работников на условиях неполного рабочего времени. Это касается прежде всего прав на коллективные переговоры, безопасность и гигиену труда, защиту материнства, получение ежегодного оплачиваемого отпуска или оплачиваемых праздничных дней, отпуска по болезни.

Переход на неполный рабочий день осуществляется добровольно.

Ратификация конвенции обеспечит дальнейшее внедрение международных стандартов в части установления неполного рабочего времени и подтвердит приверженность нашей страны соблюдению и выполнению международных норм в данной области.

В ходе работы над законопроектом депутатами принято предложение по изменению заголовка законопроекта на государственном языке, направленное на обеспечение соответствия законопроекта требованиям норм Закона «О правовых актах» в части аутентичности текстов на казахском и русском языках.

Всеми комитетами Мажилиса даны положительные заключения по законопроекту.

Принятие законопроекта не повлечет за собой бюджетных затрат, отрицательных правовых и социально-экономических последствий.

В целом конвенция не противоречит положениям Конституции Республики Казахстан и будет способствовать усилению правовой защиты наших граждан в сфере труда, а также содействовать росту занятости населения, что соответствует стратегическим и программным документам страны.

Уважаемые депутаты, с учетом вышеизложенного прошу поддержать законопроект «О ратификации Конвенции о работе на условиях неполного рабочего времени (Конвенция 175)» и направить его на рассмотрение Сената Парламента. Рақмет.

ТӨРАҒА. Спасибо, Юрий Викторович.

Құрметті әріптестер, заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Сарым Айдос Әміроллаұлына беріледі.

САРЫМ А.Ә. Рақмет, құрметті Төраға.

Құрметті әріптестер! Қазақстан Республикасы Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықаралық еңбек ұйымының толыққанды мүшесі болып табылады және экономикалық, әлеуметтік және мәдени сипаттағы мәселелерді шешудегі халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру мақсатындағы

міндеттемелерді қоса алғанда, осы ұйымдардың жарғыларында бекітілген мақсаттар мен қағидаттарын мойындайды.

Ратификациялауға ұсынылған Толық емес жұмыс уақыты жағдайларындағы жұмыс туралы конвенция (175-Конвенция) толық емес жұмыс уақытында жұмыс істейтін еңбекшілердің басқа да толық жұмыс уақытында жұмыс істейтін еңбекшілермен тең дәрежеде өз мүдделерін қорғаудағы құқықтарын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды көздейді.

Конвенцияның ережелеріне сәйкес мемлекет барлық еңбек етушілерге, оның ішінде толық емес жұмыс уақытында жұмыспен қамтылғандарға тең әлеуметтік мүмкіндіктер мен еңбек жағдайын қамтамасыз ететін ұлттық заңнама мен практикаға сәйкес шаралар қабылдауды көздейді.

Осы конвенция экономикалық қызметтің барлық салаларына және еңбекшілердің барлық санаттарын бірдей қамтиды.

Осы конвенцияның мақсаттарының бірі толық жұмыс уақыты жағдайларындағы жұмыстан толық емес жұмыс уақыты жағдайларындағы жұмысқа ауысу немесе керісінше ерікті түрде жүзеге асыру болып табылады.

Конвенцияны ратификациялау теріс әлеуметтік-экономикалық салдарларға және мемлекеттік бюджеттен қаржылық шығындарға әкеп соқтырмайды.

Конвенцияның ережелері Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделеріне қайшы келмейді. Халықаралық құқықтың императивтік нормаларына, міндеттемелерге, Қазақстан Республикасының көпжақты және екіжақты халықаралық шарттарына қайшылықтар табылған жоқ.

Айта кету керек, жақында аймақтарда болған кезде көпбалалы аналар, ерекше қажеттілігі бар бала тәрбиелеп отырған аналар, мүгедек азаматтар, жалғыз басты аналар осы мәселелерді көтерген болатын. Яғни бала емізу керек, басқа да жайдайлар бар, сондықтан жұмыс беруші мен ата-ана арасындағы арнайы еңбек шарттарын қамтамасыз ету мәселесін көтерген.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» 2005 жылғы 30 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабы 1) және 9) тармақшаларына сәйкес нысанасы адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтары болып табылатын, сондай-ақ егер халықаралық шарттарда мұндай келісім ратификациялау арқылы білдірілетіні көзделсе, халықаралық шарттар ратификациялауға жатады. Сондықтан осы конвенцияны ратификациялау қажет деп санаймыз.

Құрметті әріптестер, баяндалғандарды ескере отырып, осы заң жобасын қолдауды ұсынамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға жазылған басқа депутаттар жоқ.

Талқылау барысында осы заң жобасын мақұлдап, оны Сенаттың қарауына жіберу туралы ұсыныс түсті. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, осы ұсынысты дауысқа қоюға рұқсат етіңіздер. Дауыс берулеріңізді сұраймын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 101, «жақтағандар» – 101. Шешім қабылданды.

Енді осы мәселе бойынша қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 100, «жақтағандар» – 100. Қаулы қабылданды.



*Дүртте: Құжаттаманы қаптап асаз ету
бөлімінің сектор меңгерушісі
Майя Н.Маймылға.*